



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Шынайылық пен жаңа мазмұн
тоғысындағы әдебиет теориясы



Мақсаты: XVIII–XX ғасырлардағы әдебиет теориясының тарихын баяндау; тарихи оқиғалар мен әдеби қозғалыстардың сабақтастығы негізінде талдау жасау.

Кілт тіркестер: рационализм, эстетикалық пәлсапа, реализм мен саяси қызмет, натурализм мен дискурс, феноменология.

Негізгі идеялар:

- Қайта өрлеу дәуірі. Данте Алигьери.
- Рационализм. Сэмюэль Джонсон, Лессинг, Кант және Гегель идеялары.
- XIX ғасырдың аяғы. Мэтью Арнольд, Чарльз Бодлер және Уолтер Патер идеялары.
- Әдебиетке жаңа көзқарас. Әдебиет тарихындағы француз символизмінің ерекшеліктері.
- Радикалды және болашаққа бағдарланған эпистемиология және Ницшенің тіршілікті түсінуі.
- Гуссерль феноменологиясы және оның XX ғасырдағы ықпалы.

Антологияға сәйкес әдебиет теориясы бойынша дайындалған дәрістерімізді ары қарай жалғастырамыз. Бүгін сіздермен бірлесе отырып, біз әдебиет теориясының қалыптасуы мен дамуын айқындайтын хронологиялық және тұжырымдамалық шолуға назар аудармақпыз. Сіздер әр түрлі бағыттармен таныса отырып, әдебиет теориясының алғышарттарын түсіну мүмкіндігіне ие боласыздар. Оның астарында белгілі бір тарихи кезеңде ғылыми мектептер мен дәстүрлердің қалыптасуына ат салысқан идеялардың қашан және неге өзектелгенін түсіну мүмкіндігі де қамтамасыз етіледі.

XVIII ғасырда ойлаудың жаңа қалпы – рационализм пайда болды. Бұл атаудың түп тамырында ақыл-ой, сана сияқты ұғымдар көрініс тапты («разум»). Зерттеушілердің айтуына қарағанда, рационалды ойлар трансцендентті және универсалды, өйткені олар күнделікті тіршілікке негізделген қарапайым қабылдаудан тыс және барлық заттар мен құбылыстарға ортақ заңдылықтардан бастау алады. Мысал ретінде рационалды ойлауға сәйкес тек көз алдымыздағы қызғалдақтар ғана емес, жалпы сол гүлдерге тән ерекшеліктер сөз болу керек деген ұғым қалыптасты. Осыған орай, Сэмюэль Джонсон сияқты әдебиет теоретиктері әдебиеттің негізгі мақсаты тек жеке дара кейіпкерлер мен оқиғаларды сипаттаумен шектелмей, «әрқашан бірдей болатын жалпы әрі трансцендентті шындыққа жанасу, ұмтылу керек» деген пікірді ұстанды.

Бұл кезеңде Германияның білім беру жүйесі өте күрделі даму сатысын бастан кешіріп жатты. Дәл сол кезде бір топ неміс ойшылдары әдебиеттегі рационалды теорияның қалыптасып дамуына айтарлықтай үлес қосты. Олардың қатарында Готхолд Лессинг, Иммануил Кант және Георг Гегель болды. Грек-рим өнерінің классикалық үлгілеріне табыну үдерісі үстем болған кезде, Лессинг поэзия мен сурет өнерінің өзгешеліктеріне назар аударды. Ол поэзияның басты қызметін уақытқа бағынған реттілігінен іздеді, ал сурет өнерін ғарышпен байланысты табиғатынан өрбіте талдады. Лессингтің пікіріне жүгінер болсақ, имитация кезінде поэзияға қарағанда сурет өнері мүлдем басқа құралдар мен таңбаларды пайдалануды көздеді. Оның ішінде уақыт пен ажырамайтын дыбыстар емес, кеңістіктегі сандар мен түстер ескерілу керек еді, сол арқылы бейнеленіп отырылған затқа тікелей байланысы анықталуға тиіс еді. Демек, кеңістіктегі таңбалар өмірден орын алған әрі белгілі бір ретпен жылжитын бөліктер арқылы, тұтасқан нысандармен бірлікте қызмет етуі тиіс болатын.

Кант ақылдың төменгі және жоғарғы қабілеттерін талдау мақсатында екеуінің арасалмағына назар аударды. Жоғары қабілеттер күнделікті тіршіліктен ажырап, таза жоғары идеяларға бағытталады деп есептеген философ ақылдың төменгі қабілетін нақты ойлар мен қабылдауларға негізделген сенсорлық прагматикалық міндеттемелерімен саралады. Канттың қабылдауында адамға тән жоғары әрекеттер маңызды себептерге бағынған универсалды идеялардан бастау алды. Кант ақылды риясыз және заңды деп анықтады. Адамзатқа тән әрекеттерді реттеп отыру үшін, ақыл адам баласының жеке қызығушылықтарына бағынатын ешқандай мүдделерге тәуелді болмау керек деп есептелді. Зерттеушінің көзқарасына сәйкес, өнер таза себепке емес, сезімге әсер ету керек. Өнердің жоғары дәрежелі риясыздыққа қол жеткізе алмайтынын алға тартқан философ оның ұсына алатын бір ғана мүмкіндігін атап



өтеді, ол – «мақсатсыз мақсаттылық» деген әмбебаптықтың көрініс табуы. Кант адам миының дамуын ескере келе, күтілетін нәтижелер сұлулық пен адамгершілікті бағалайтын сәйкестіктерді қалыптастырады деген ойда болды. Нәтижесінде ойшыл ұстаз әдемілікті сөз етудің өзі де моральға ұқсас, көпшілікке ортақ тұжырым деген қорытындыға келді.

Георг Гегель тұжырымынан бастау алатын мәселелердің бірі – ментальды және физикалық немесе табиғи әлемдер тұтастығы. Ақылдың логикалық үдерістеріне назар аударған философ оларды гректердің логикасынан кейінгі «диалектика» деп атады. Алайда олардың пайда болу тарихын адамзат қоғамымен, табиғат дамуымен қатар өзектеген философ табиғи-әлеуметтік әлем логиканың ментальды ғаламы белгілеген бағытты ұстанады деп есептеді. Нәтижесінде диалектикаға сүйенген логикалық дамуда адам нақты байқағанынан (мысалы, «Сократ – адам») әмбебап идеяға («Барлық адамдар о дүниге аттанады»), одан кейін нақты мысал мен әмбебап идеяны синтетикалық ойға біріктіретін қорытындыға («Сондықтан, Сократ мәңгілік емес») бет алады деген тұжырым жасалды. Гегель адамзат тарихында таза да әділ қоғамның идеясы толығымен іске аса алмайды деп есептеді. Сол арқылы ол әділдік туралы қарапайым ережелердің түрін ғана қабылдайды деген түсінік қалыптасты. Зерттеуші теоретик Сот төрелігі де адамзат тарихының бұл кезеңінде тек диалектикадағы нақты ұсынысты еске салады деп есептеді.

Әдебиет адам ақыл-ойын өрістетеді деген түсінік он тоғызыншы ғасырдың аяқ шеніндегі Мэтью Арнольд еңбектеріне дейін кеңінен қолданыста болды. Әдебиет теориясына жаңа леп әкелген Арнольд әдебиеттің мақсаты – білім беруге қызмет ету деп түсіндірді. Ол ақылды жоғары дәрежелі рационалды деңгейге көтере отырып, оны практикалық санадан, табиғи эмоционалды импульстардан бөлек қарастырды. Бұл кезеңнің аса ықпалды тобын сезімнің толқулары мен ақылдың әсері дәйектеген эстетикалық пәлсапа анықтады. Шарль Бодлер және Уолтер Патер сияқты жазушылар тәжірибенің үстіңгі қабатындағы құндылықтарды, әлемнің физикалық ләзатын және жеке мақсатқа бағытталған көркем тәжірибе тұжырымдамасын дәріптеді. Бұл бағыттың өкілдері өнер тек өнер үшін ұнау керек; оның рухани әлеміне немесе идеалды рационалды патшалығына әрі адамгершілік мақсатына ден қоюдың қажеті жоқ деп есептеді. Оксфорд университетіндегі эстетика саласының профессоры Уолтер Патер, сол кезде біраз суретшілер мен жазушылардың көзқарасына әсер ете алды. Оның «Қорытынды» атты зерттеуі Қайта Өрлеу дәуірінің талай даулы кезеңдерін бастан кешіріп, өнердің өз жеңісі өзінде, оған жоғары рухани мақсаттарға жүгінудің қажеті жоқ деген тұжырымды насихаттады.

XIX ғасырдағы әдебиет теориясы да өзіндік даму бағытымен ерекшеленді. Бұл кезең жер бетінің басым бөлігін билеген монархияға қарсы етек алған революциялық толқулармен есте қалды. Дәл осы кезде әдебиетшілердің ойлау жүйесінде жаңа бетбұрыс болып, ол өнердің әлеуметтік және саяси қызметін дәріптеуге бағытталды. Реализм мен натурализм әдебиет туралы ғылымның басты ұғымдарына айналды. Сонымен, Эмиль Золя сияқты жазушылар әдебиеттің өзгерістерге сабақтасқан қызметін қалыптасқан нормалар мен заңдылықтардан жоғары қойды. В. Белинский сынды орыс сыншылары әдебиетке елдің заманауи келбетін көрсететін жаңа сипат жүктеді. Кезінде өз ізденісін философ ретінде бастаған Карл Маркс 1840 жылдары Еуропаның радикалды саясатына өтті. Утопиялық социализм идеяларының үстемдігі орын алды. Дүниеге келген жаңа тұжырымдар монархияға қарсы көтерілістерге ұласты. Еуропада коммунистік және анархисттік қозғалыстар етек алды. Жер аударылған Маркс Англияға келді. Сол жерде социалды тәртіп ережелерін индустриализация мен капиталистік еркін нарық экономикасының салдары деп дәлелдейтін талдаулар жасады. Нәтижесінде жаңа әдебиеттің функциясы белгілене бастады. Зияткерлік элита әдебиеттің мақсатын әлеуметтік, тарихи, саяси және экономикалық мазмұнда іздеді. Шығарманың мағыналық өрісін оны туындатқан заман үлесінсіз анықтау мүмкін емес болды. Әлеуметтік күштердің әсерін білмей тұрып, көркем туындының ішкі мазмұндық желісін нақтылау да қиынға түсетін болды. Сол арқылы саяси мақсатқа қызмет еткен әдебиет «билік басындағы топтың идеяларын» насихаттауға бағытталды.

Мораль, дін, метафизика сияқты идеология түрлері мен оларға сәйкес анықталатын сана үлгілері өз тәуелсіздігінен айырылды. Олар тарихсыз, дамусыз қалды. Адамдар өз кезегінде материалдық өндірісі мен материалдық қатынастарын дамыта отырып, өзінің шынайы тіршілік үлгісін де, ойлау жүйесін де, сана өнімдерін де өзгертті. Өмір санамен анықталмайтын болды.



Ал сана өмірді билейтін болды. Сана басты тіршілік иесі деп анықталды, адамдар мен шынайы өмір екінші кезекке шегерілді. Сана санаға қызмет етті.

Стефан Малларме бастаған француз символистері қарсы мақсаттарды көздеген бағытты дамытты. Олар поэзияның рухани дамуға бастайтын қызметін дәріптеді. Бұл бағыт өкілдерінің сенімі бойынша поэзия моральдық мақсатқа да, әлеуметтік қолданысқа да қызмет ете алмайтын болды. Бұл Идеалды жаулап алудың өзіндік амалы еді. Әдебиеттің міндетін техниканы, тілді және мазмұнды дамыту мәселелері айқындау керек деп есептелді. Ақындардың назарын «әлемде жоқ өзгеше гүлдер» аудару керек деген ұстаным алға тартылды.

Фридрих Ницше енді өнер теориясына қарағанда, өзінің радикалды және болашаққа бағдарланған эпистемиологиясымен танымал болды. Эпистемиология білім мен оның құрылымын, қызметі мен дамуын зерттейтін пәлсапалық және әдістемелік бағыт ретінде негізге алынды. 1872 жылы Ницше өзінің «Трагедияның тууы» атты еңбегінде трагедия теориясын негіздеу арқылы ХХ ғасырдың еншісіне тиген пәлсапаның бағыт-бағдарын анықтауға ықпал етті. Бұрын Болмыс ақыл категорияларын пайдаланатын, жеңіл танылатын құбылыс деп қарастырылатын. Ницше болса, болмыс табиғатын оның қалыптасуынан іздеді. Сондай-ақ оны танымдық бірлігі жоқ отты тоқынға теңестірілетін үдерістен табуға тырысты. Ницше Грек жерінде пайда болған баламалы дәстүрге қайта оралды. Бұл өмірдің адам қолы жете бермейтін арнасын белсенді қимыл-әрекетке ұластырып, тұжырымдамалық тұрақтылықтан алшақтата бастады. Философ шығармашылығындағы Дионис музыка мен трагедиялық миф бастауындағы жалпы бейне ретінде қабылданды.

Қызығушылықты тудыратын мәліметтердің бірі ретінде ХХ ғасыр басында Эдмунд Гуссерльдің болашақ пен объективті шындық арасындағы алшақтықтан аттай отырып, ақылды әрекеттер мен шынайы идеялар арасын жақындатуға тырысқан талпынысын атап өтуге болады. Оның «феноменологиясы» ақылдың қабілетіне негізделген шынайы идеяларды қалыптастыру мүмкіндігінен бастау алды. Санадан орын ала отырып, бұл таза идеялар шартты және трансцендентті деп танылды. Олар адамзатқа тән пендешілік әлемнен тазаланып, ақылдағы идея қалпымен ең сенімді бірліктер қатарына жатқызылды. Сенсорлық мәліметтерге қарағанда олар әлде-қайда таза идеялар тоғысы деп анықталды. Э. Гуссерль пәлсапасының ерекшелігін «Қайтадан заттарға оралу!» ұраны айқындады. Заттар мен құндылықтардан, көмекші құралдардан жоғары тұратын субъективті тәжірибеге басымдық берілді. Сол тәжірибеге сәйкес анықталатын құбылыстар феноменнің негізі деп танылды. Демек, заттар мен құбылыстардың табиғатын тану осы «феномендерге» сипаттама беру арқылы ғана мүмкін болды.

Феноменологияны алғаш бағалаған тұлғалардың қатарында Бенедетто Крочені атап өтуге болады. Италияндық интеллектуал, атеист, сыншы, философ, саясаткер, тарихшы Кроче неогегельдік бағыттың өкілі болды. Оның еңбектері ХХ ғасырдың бірінші жартысында эстетикалық ойлау жүйесінің дамуына айтарлықтай әсер етті. Ғалымның «Эстетика өрнектеу (беру) ғылымы мен жалпы лингвистика ретінде» атты 1902 жылы жарық көрген еңбегі ғылыми ортада кеңінен танымал болды. Оның ойынша, өнерде анық байқалатын сезімталдық немесе интуиция логика мен ғылымдағы көрінісінен ерекшеленіп тұрады. Кроче интуиция білімнің таза үлгісін құрайды деген тұжырымды ұстанды. Еуропадағы саяси консерваторлардың бірі ретінде Кроче бұл теориясын «мен» моделіндегі тәуелсіз идеал терминімен сабақтастырды. Аталмыш тұжырымдама өзегінде «өркениетті адам» идеясы көрініс тапты. Кроченің өз сөзіне жүгінер болсақ: «Енді, адам санасында орнығатын бірінші мәселе ретінде сезімталдық білімнің иесі болуы шарт емес деген қағиданы атауға болады. Ол өзгенің жанарын да қажет етпейді, өйткені оның бәрінен де әдемі өз көздері бар. Әрине, интуицияға жақын өзге де ұғымдарды табуға болады. Дегенмен оларда бұл шарттылықтың ізін табу қиынға соғады...».

Феноменологияның әсерімен жиырмасыншы ғасырдың орта шенінде басты мәселе ақылды сезімталдыққа негізделген таза идеялардан күнделікті тіршілік пен тұлғааралық қатынасты түсініп қабылдайтын ерекшеліктерге ұласты. Кезінде АҚШ-қа дәріс оқуға келген швейцар феноменологы Жорж Пуле айналасындағы біраз ғалымдарға әсер етті. Олардың қатарында Стэнли Фиш те бар еді. Пуленің пікірі бойынша, бұл – кітапты қолға алып, таныса бастайтын сәттен өрбитін алғашқы феномен. Пуле: «Мен санамды жаулап алатын түрлі мағыналарды қабылдаған кезде, қолымдағы кітапты жай нысан ретінде немесе жанды нысан ретінде



бағалаудан аулақ боламын. Мен оның рационалды табиғатын қабылдау мен сезіну арқылы бойымнан өткізіп, өзгелерден өзгешелігін түсіне бастаймын...», – деп жазды.

Әдебиет теориясы адамзат санасының эволюциялық дамуының құнды нәтижесі. Оның қалыптасу кезеңдері адамзат тарихымен, оқиғаларымен, өзгерістерімен сабақтаса отырып, қайталанбас тұтастықтың өлшеміне айналды.

Біз сіздерді XVIII–XX ғасырлардағы әдеби ағымдармен таныстыру мақсатын көздедік. Бұл дәуірлердің жемісін құраған рационализм де, эстетикалық пәлсапа да, реализм мен натурализм де феноменологияның туындауын қамтамасыз етті. Оқиғалар мен тұлғаларға негізделген тарих беттері әдебиет теориясының ұғымдық кеңістігі мен типологиялық жіктелуін саралайтын алғышарттар қатарын негіздеді.

Бақылау сұрақтары

1. Қайта Өрлеу дәуіріндегі ақсүйектер мәдениеті қалай ерекшеленді? Даму бағытының қандай өзгешеліктерін атап өтуге болады?
2. Канттың сипаттауындағы төменгі және жоғарғы қабілеттерге түсініктеме беріңіз. Оларды сенсорлық қабілеттермен қалай салыстыруға болады?
3. Гегель диалектикасының мәні неде?
4. «Әдебиет ақылды оятады» деген тұжырымды қалай түсінесіз?
5. XIX ғасырдың қандай тарихи оқиғалары әдебиеттің дамуына әсер етті? Көркем туындының қоғамдағы қызметі қалай анықталды?
6. Француз символистері қандай әдеби идеяларды ұсынды?
7. Ницше ілімінің ерекшеліктері қандай?
8. Гуссерль феноменологиясының ерекшелігі неде және оның қолдаушылары кімдер?

Қолданылған дереккөздер

1. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 13–26 беттер.
2. Феноменология Эдмунда Гуссерля.// http://www.mudriyfilosof.ru/2012/09/blog-post_17-2.html